

ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ
МЕДИЦИНАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСТАНСКО-
РОССИЙСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

**Жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысын ұйымдастыру.
Дәрігерлік амбулатория жұмысының негіздері.БМСК-
да құжаттарды ұйымдастыру.БМСК саласында көмек
көрсету принциптері.**

Орындаған: Кеңесбекова А.Б.

Тобы: 612

Факультеті: Жалпы дәрігерлік тәжірибе

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер - бұл жасына, жынысына немесе ауру сипатына қарамастан, жеке адамға, отбасыларына және адамдардың бүкіл контингентіне алғашқы және үздіксіз медициналық көмек көрсетуге тиісті рұқсаты бар, дипломды медицина қызметкері.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер өзінің қызметін мемлекеттік және мемлекеттік емес медицина ұйымдарында, сондай-ақ жеке практика тәртібімен жүзеге асыра алады. Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігерге халықты тіркеу дәрігердің еркін таңдауы негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігердің міндеттері:

- 1) неғұрлым кең тараған аурулар мен жарақаттарға тиісінше диагноз қою, емдеу және оңалту;*
- 2) негізгі инфекциялық ауруларға қарсы иммундау шаралары;*
- 3) эндемикалық және басым инфекциялық аурулар профилактикасы және олармен күрес;*
- 4) ана мен баланың денсаулығын қорғау, соның ішінде отбасын жоспарлау мәселелері;*
- 5) гигиеналық тәрбие, салауатты өмір салтын қалыптастыру;*
- 6) сапалы тамақ өнімдерімен жабдықтауға жәрдем көрсету және ұтымды тамақтану жөнінде ұсыныс жасау;*
- 7) сапасы жақсы сумен жабдықтауға және негізгі санитарлық шаралар жүргізуге жәрдем көрсету;*
- 8) дәрі-дәрмек бұйымдарын дәрі-дәрмек формулярына және емдеудің осы заманғы хаттамаларына сәйкес ұтымды тағайындау және пайдалану болып табылады.*

Жалпы практикалық дәрігердің/отбасылық дәрігердің міндеттері:

- 1) шұғыл дәрігерлік көмекті қамтамасыз ету;***
- 2) емдеу және оңалту шараларын тиісті біліктілік талабының көлемінде жүргізу;***
- 3) пациенттерді уақтылы госпиталдауды және мамандардың консультациясын беруді қамтамасыз ету;***
- 4) жалпы дәрігерлік практика/отбасылық медицина жағдайында пациенттерді сапалы тексеру және қажет болған жағдайда тиісті диагностикалық зерттеуге жіберу;***
- 5) иммундық профилактика жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;***
- 6) аурулардың бұрыннан бар жасырын түрлерін табуға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру, аурудың және қауіптілік факторларының алдын алу;***

- 7) тіркелген халықтың денсаулығының жай-күйін динамикалық қадағалау;*
- 8) отбасын жоспарлау жөніндегі жұмыс;*
- 9) отбасында баланы тамақтандыру, тәрбиелеу, оларды мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, мектепке даярлау мәселелері бойынша, консультативтік көмек көрсету және бағдарлау жұмыстарын жүргізу;*
- 10) перзентханадан шығарылғаннан кейін нәрестеге патронажды жүзеге асыру;*
- 11) ауру балалар стационардан шығарылғаннан кейін үйге актив жүргізу;*
- 12) дені сау бала күнін өткізу;*
- 13) үй стационарында және күндізгі стационарда медициналық қызмет көрсету;*
- 14) әскери-дәрігерлік және әскерге шақырылуға дейінгі жас өспірімдерді және әскерге шақырылатын жастарды шақыру комиссияларымен байланысты жүзеге асыру болып табылады.*

Жалпы практикалық дәрігер/отбасылық дәрігер:

1) директивалық құжаттарға сәйкес учаскедегі балалар мен үлкендерді диспансеризациялау жөніндегі кешенді шаралар ұйымдастырады және жүргізеді;

2) халықты гигиеналық тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі шараларды жүргізеді;

3) есеп және есеп беру құжаттамаларының бекітілген нысандарын жүргізеді;

4) тіркелген халықтың денсаулығын нығайту және сақтау бағдарламасын әзірлейді және іске асырады.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігердің құқықтары:

- 1) атқарушы өкіметтің жергілікті органдарына тіркелген халыққа емдеу-профилактикалық көмек көрсету, еңбек жағдайы мен тұрмысын жақсарту жөнінде ұсыныс енгізуге;***
- 2) аймақта және республикада халықтың денсаулығына қатысты ақпаратқа қол жеткізуге;***
- 3) кәсіби қоғамдық бірлестіктерге (қауымдастықтар, академиялар, отбасылық дәрігерлер одағы) кіруге және оларды құруға құқығы бар.***

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігерінің жауапкершілігі

1) тіркелген халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмектің ұйымдастырылуы мен сапасы;

2) қаржы және есеп-есеп беру құжаттамаларының растығы;

3) осы Ережеде көзделген міндеттердің тиісінше орындалмағаны үшін жауап береді.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігерге біліктілік талаптары:

халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі заңдардың негізін меңгеруге;

денсаулық сақтаудың құрылымы мен негізгі принциптерін білуге;

өзінің құқығын, міндеті мен жауапкершілігін білуге;

өзінің жұмыстарын жоспарлау мен талдау әдістерін меңгеруге;

басқа мамандармен және қызметтермен (әлеуметтік қызмет, сақтандыру компаниялары, дәрігерлер қауымдастығы және т. б.) өзара белсенді іс-қимыл жасауға;

дәрігерлік этиканың және деонтологияның принциптерін білуге және сақтауға тиіс.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер қызметтің мынадай түрлері мен соған қатысты мынадай қызметтік міндеттерді:

- 1) неғұрлым кең тараған ауруларға профилактика жасауды, диагноз қоюды, емдеуді және пациенттерді оңалтуды;*
- 2) жедел және шұғыл медициналық көмек көрсетуді;*
- 3) медициналық манипуляцияларды орындауды;*
- 4) өз құзыреті шегіндегі ұйымдық жұмыстарды игеруге тиіс.*

Ауруларға профилактика жасау, диагноз қою, емдеу жүргізген кезде және пациенттерді оңалту кезінде жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер:

- 1) қарауды дербес жүргізе білуге және пациентті зерттеу деректерін бағалауға;*
- 2) қосымша зерттеулер мен мамандар консультацияларының көрсеткіштерін білуге, лабораториялық, аспаптық зерттеулердің жоспарын жасауға;*
- 3) қанның, зәрдің, қақырықтың, асқазан шырынының, дуоденалдық зерттеудің, копрограмманың, ми-жұлын сұйығының, сәулелік, электрлік-физиологиялық және басқа зерттеу әдістерінің талдау нәтижелерін түсіндіре білуге;*
- 4) өткір және созылмалы аурулары, жарақаттары бар пациенттерге профилактика жасауды, диагноз қоюды, емдеуді және оңалтуды меңгеруге;*
- 5) бала туғанға дейін көмек көрсете білуге (жүктіліктің, қалыпты болуын қадағалау), төтенше жағдайда бала тууға көмектесуге;*
- 6) ұсынылған 1 қосымшаға сәйкес неғұрлым кең тараған ауруды емдеуге және тізбеге сәйкес олардың жай-күйлерін білуге міндетті.*

1. Ұсынылған 2 қосымшаға сәйкес жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер өз бетімен диагноз қоя білуге және ауруханаға жатқызғанға дейінгі кезеңде шұғыл (жедел) көмек көрсете білуге, сондай-ақ шұғыл жағдайларда одан әрі медициналық көмек көрсетудің тактикасын анықтай білуге міндетті.

2. Ұсынылған 3 қосымшаға сәйкес жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер жалпы дәрігерлік манипуляциялардан басқа хирургиялық, отоларингологиялық, офтальмологиялық манипуляцияларды, жедел көмек көрсетуге арналған манипуляцияларды дербес орындай білуге, лабораториялық зерттеулердегі дағдыларды, неврологияда, акушерлікте, гинекологияда және педиатрияда қолданылатын икемділіктер мен манипуляцияларды меңгеруге міндетті.

3. Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер бекітіліп берілген контингенттің демографиялық және медициналық-әлеуметтік сипаттамасын білуге тиіс және соған сәйкес мынадай жұмыстар жүргізеді:

- ❖ орта медициналық қызметкерлердің және отбасылық дәрігерлік амбулаторияның басқа да қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады;*
- ❖ қажет кезде басқа емдеу-профилактика мекемелерінің мамандарын тарта отырып диагностикалық, емдеу-сауықтыру және оңалту шараларының бүкіл кешенін ұйымдастырады;*

- ❖ *денсаулық орталықтарымен бірлесіп медициналық білімді, салауатты өмір салтын, ұтымды тамақтануды насихаттауға қатысады, халықтың әртүрлі топтарын гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын, алкогольге қарсы және есірткіге қарсы жұмыстар жүргізеді;*
- ❖ *балаларды тамақтандыру, тәрбиелеу, шынықтыру, мектепке дейінгі мекемелерге, мектепке даярлау мәселелері жөнінде, сондай-ақ кәсіби бағдар беру мәселелері жөнінде ұсыныстар береді;*
- ❖ *отбасылық өмірдің этикасы, психологиясы, медициналық-генетикалық және контрацепциялар мәселелері бойынша консультациялар береді;*
- ❖ *санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау өкілдерімен бірлесіп инфекция ошағында эпидемияға қарсы шаралар жүргізуді ұйымдастырады;*
- ❖ *ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың басшыларын емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге тартады;*
- ❖ *әлеуметтік қорғау органдарымен және қайырымдылық қызметтерімен бірлесіп жалғызділіктілерге, қарттарға, мүгедектерге, созылмалы ауруларға көмек көрсетуді ұйымдастыруға, соның ішінде интернат үйлеріне орналастыруға, күтуге қатысады;*
- ❖ *еңбекке уақытша жарамсыз пациенттерге сараптама жүргізеді, медициналық әлеуметтік сараптама комиссиясына жібереді, еңбекке орналастыру, жеңілдетілген жұмыс жағдайына көшіру, санаторлық-курорттық емдеу көрсеткіштерін анықтайды;*
- ❖ *денсаулық жағдайын, жас ерекшеліктерін ескере отырып пациенттерге медициналық-психологиялық көмек ұйымдастырады;*
- ❖ *отбасылық дәрігерлік амбулатория қызметінің өзекті проблемалары, бекітілген тұрғындардың денсаулығы мен ауруы бойынша, өз практикасына диагноз қоюдың, емдеудің және басқа шаралардың (араласудың) халықаралық хаттамаларын енгізу бойынша медициналық аудитті жүйелі түрде жүргізеді.*

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер өзінің кәсіби білімі мен дағдысын өз бетімен білім алу жолымен және өзге әдістермен үздіксіз жетілдіреді. Әрбір жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер отбасылық дәрігерлік амбулаторияның аға дәрігеріне жыл сайын есеп ұсынуға, соңғысы емдеу-диагностикалық, профилактикалық қызметі мен жылына мөлшері 72 кредит-сағат кәсіби даярлықты куәландыратын құжаттарды (сертификаттар, аттестаттар, куәліктер) көрсете отырып аудандық (қалалық) денсаулық сақтау басқармаларына немесе Отбасылық дәрігерлер қауымдастығына ұсынуға міндетті.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер біліктілігін растау және еңбек қызметін (еңбек жұмысын) жалғастыруға мүмкіндік алу үшін әрбір 5 жылда аттестациялық кәсіби емтихан тапсыруға міндетті. Емтихан нәтижесі "Отбасылық дәрігердің кәсіптік куәлігіне" енгізіледі.

Даярлық деңгейін анықтау, білімді және практикалық дағдыны меңгеру мақсатында жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер ретіндегі жұмыстың алғашқы үш жылында дәрігер біліктілік емтиханын жыл сайын тапсырады.

Денсаулық сақтау басқармаларының органдары кәсіби аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсыруын, қажетті кредит-сағат мөлшерінің және әзірлік деңгейінің бар екенін ескере отырып жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігердің кәсіби жарамдылығын анықтайды.

Отбасылық дәрігерлік амбулатория туралы ереже:

1. Отбасылық дәрігерлік амбулатория өз қызметінің шегінде, жасы мен жынысына қарамастан, өтініш білдірушілердің барлығына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жүзеге асыратын ұйым болып табылады.

2. Отбасылық дәрігерлік амбулатория қалалар мен селолық елді мекендерде белгіленген тәртіппен ұйымдастырылады және өзінің қызметін заңды тұлға ретінде де, сондай-ақ заңды тұлға құрмай да жүзеге асыра алады.

3. Отбасылық дәрігерлік амбулатория мемлекеттік, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар болып құрылуы мүмкін.

Отбасылық дәрігерлік амбулатория қызметінің нысанасы, мақсаты және принциптері:

- ✓ тәндік, психологиялық және әлеуметтік факторларды ескере отырып, халыққа аурудың диагнозын қоюдан, емдеуден, қалпына келтіруден және сүйемелдеу терапиясынан тұратын алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету;*
- ✓ ауруларға профилактика жасау;*
- ✓ халықты салауатты өмір салтына үйрету болып табылады.*

Отбасылық дәрігерлік амбулатория өз қызметінде:

- жасына және жынысына қарамастан, барлығы және әрқайсысы үшін белгілеу;*
- қолайлылық;*
- профилактикалық бағыттылық;*
- үздіксіз емдеу-профилактикалық шаралардың сабақтастығы;*
- халықтың дәрігерді еркін таңдауы, сондай-ақ аумақтық принцип бойынша бекіту принциптерін басшылыққа алады.*

Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның құқықтары:

- ❖ *Отбасылық дәрігерлік амбулатория емдеу-сауықтыру және профилактикалық процестерді жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, қаржы-шаруашылық және өзге қызметтерде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес дербестікке ие.*

Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның:

- *ұсынылған тізбеге сәйкес (1-қосымша) қызметтің негізгі түрлерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және жарақтандыруға, үй-жайларды жабдықтауға және ұсынылған дәрі-дәрмектік нысандамаға сәйкес (2-қосымша) дәрі-дәрмек бұйымдарымен қамтамасыз етуге;*
 - *ішкі құрылымды, штатты, жұмыс тәртібін дербес белгілеуге, жүктемені бөлуге (3-қосымшада ұсынылған штаттық нормативтер берілген);*
 - *тіркелген халықтың денсаулығын сақтау, еңбек, оқу және тұрмыс жағдайын жақсарту мәселелерін шешкен кезде денсаулық сақтау мекемелерінің, жергілікті басқару органдарының және басқа ұйымдардың қызметін үйлестіруге құқығы бар.*
-

Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның міндеттері:

- Қызмет нысанасына сәйкес тапсырманың уақтылы және сапалы орындалуын, тіркелген халықтың ұдайы қадағалануын және сауығуын қамтамасыз етуге. Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жұмысын бағалаудың өлшемі осы ережеге қоса беріліп отыр (4-қосымша):*
- белгіленген құжаттамаларды, медициналық статистиканы және есепті денсаулық сақтау басқармасының орталық органы белгілеген мерзімде және нысандар бойынша жүргізуге;*
- емдеу-профилактикалық қызмет туралы қажетті ақпараттарды және есептерді денсаулық сақтауды басқару органдарына уақтылы беруге;*
- ауданның емдеу-профилактикалық ұйымдарымен, атқарушы өкіметтің жергілікті органдарымен, басқа да ұйымдармен және ведомстволармен өзара іс-қимыл жасауға;*
- емделушінің денсаулық мәселелеріне байланысты мүддесін қорғауға міндетті.*

Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жұмысын ұйымдастыру:

1. Отбасылық дәрігерлік амбулатория денсаулық сақтаудың жергілікті басқармасымен келісіп, тіркелген халықпен жұмысты дербес ұйымдастырады; учаскедегі қажетті жұмыс уақытын және қабылдау белгіленген сағаттарды өндірістің мүддесіне және халықтың қолайына қарай белгілейді. Бұл орайда қабылдау кезінде қызмет көрсетілетін аурулардың сан мөлшері белгіленбейді.

2. Қажет болған жағдайда отбасылық дәрігерлік амбулаторияда күндізгі стационар және үйде емдеу ұйымдастырылады.

3. Отбасылық дәрігерлік амбулаторияны аға дәрігер басқарады. Аға дәрігерді тағайындауды және жұмыстан босатуды, сондай-ақ отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жұмысын реттеу, жоспарлау және оның бағыныстылық мәселелерін меншік иесі немесе уәкілетті орган қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешеді.

4. Отбасылық дәрігерлік амбулатория аға дәрігерінің құқығы мен міндеттері меншік иесі немесе уәкілетті орган бекіткен қызметтік нұсқамамен белгіленеді.

5. Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның қызметін ұйымдастыру мәселесі бойынша аға дәрігер болмаған кезеңде оны денсаулық сақтаудың экономикасы мен менеджменті бойынша арнаулы даярлығы бар менеджер алмастырады.

6. Менеджер аға дәрігерге есеп береді, банк операцияларын жүргізу кезінде екінші болып қол қоюға құқығы бар.

Отбасылық дәрігерлік амбулатория менеджері:

- 1) дәрігерлерден клиникалық-ақпараттық нысандарды жинайды және деректерді компьютерлік клиникалық-ақпараттық жүйеге күн сайын, апта сайын енгізеді;***
- 2) клиникалық деректерге жүйелі талдау жасайды, дәрігерлерді отбасылық дәрігерлік амбулатория дәрігерлері берген басқа медициналық мекемелерге бағыттау деңгейі бойынша берген медициналық қызмет көрсету үлгісіндегі ақпаратпен қамтамасыз етеді, дәрігерлік амбулатория деректерін талдауға негізделген статистикалық және басқарма есебін әзірлейді және ай сайын есеп дайындайды;***
- 3) отбасылық дәрігерлік амбулатория үшін қаржы сметасын (бюджет) жасайды және бюджеттің кірістері мен шығыстарының ауытқу айырмашылықтарын көрсететін есепті ай сайын әзірлейді, бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізеді, бағыттары бойынша, ақша қаражатының түсімдері бойынша, мамандарға, параклиникалық қызметтерге, ауруханаларға жатқызылуға жіберілуі бойынша бухгалтерлік құжаттар мен есептерге тексеру жүргізеді, есептегі ауытқулардың айырмашылықтарын атап көрсете отырып, осы есептердің дәлдігін тексереді;***
- 4) отбасылық дәрігерлік амбулаторияның аға дәрігерімен және басқа қызметкерлерімен келісе отырып, медициналық дәрі-дәрмектер, аспаптар, жабдықтар, шығыс материалдарын сатып алады;***
- 5) сатып алынған күнін және жай-күйін көрсете отырып, бүкіл мүліктің есебін жүргізеді, барлық мүліктің сақталуына жауап береді;***

6) негізгі көрсеткіштер бойынша отбасылық дәрігерлік амбулаторияның әрбір отбасылық дәрігерінің жұмысына ай сайын салыстырмалы талдау жасайды және оны аға дәрігерге ұсынады;

7) отбасылық дәрігерлік амбулаторияның аға дәрігерімен бірлесіп, отбасылық дәрігерлік амбулаторияның қызметін стратегиялық жоспарлауға қатысады, емделушілер мен ақпарат тасқынына баға береді, отбасылық дәрігерлік амбулаторияның жұмыс тәртібін қоса алғанда, жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар айтады;

8) кадрлар жөнінде құжаттамаларды, жеке істі жүргізеді, еңбек кітапшаларын толтырады және сақтайды, кадр мәселесі жөніндегі инспектордың басқа да жұмыстарын атқарады.

17. Отбасылық дәрігерлік амбулатория денсаулық сақтау ісі жөніндегі орталық атқарушы орган бекіткен нысандар бойынша құжаттамалардың алғашқы есебін жүргізеді.

18. Отбасылық дәрігерлік амбулатория Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі белгілеген тәртіппен бекітілген есеп нысаны бойынша есеп береді.

Отбасылық дәрігерлік амбулаторияның ұйымдық құрылымы:

19. Отбасылық дәрігерлік амбулатория мынадай үй-жайдан немесе үй-жайлар тобынан тұрады: аурулар күтетін арнаулы аймақ, тіркеу орны, дәрігерге дейін қарау кабинеті, дәрігер қабылдайтын кабинет, дәрігерлерге арналған жалпы бөлме, процедуралық кабинеттер, лаборатория және басқалар.

20. Аурулар күтетін арнаулы аймақта балаларға арналған бұрыш және плакаттармен, стенділермен безендірілген бұрыш қарастырылуға тиіс, оларда буклеттер мен аурудың профилактикасы, салауатты өмір салты жөніндегі басқа да санитарлық-ағартушылық әдебиеттер орналастырылады тек осы жерде ғана аурулар еркін жүріп-тұра алады. Медициналық мейірбикенің қарауына және дәрігердің қабылдауына, процедураларға ауруларды мейірбике шақырады және ертіп жүреді.

21. Аурулардың келім-кетімі компьютермен жарақтандырылған тіркеу орнында реттеледі. Аурулардың амбулаторлық карталары тіркеу орнында сақталады.

22. Дәрігерге дейін қараудан өткізілетін кабинетте аурулар дәрігердің қабылдауына дейін медициналық мейірбикенің алғашқы тексеруінен өтеді. Кабинет таразымен және бой өлшейтін құралмен, үлкендердің және балалардың көзінің көру қабілетін анықтауға арналған кестемен, ЭКГ аппаратымен, тонометрмен, фонендоскоппен пикфлуометрмен, есту қабілетін өлшеуге, көз қысымын өлшеуге арналған аппараттармен, тазомермен, термометрмен жарақтандырылуға тиіс.

23. Дәрігердің қабылдау кабинеті жынысына қарамастан, балаларды да, сондай-ақ үлкендерді де қабылдау және қарау мүмкіндігі ескеріліп жабдықталады.

24. Дәрігерлерге арналған жалпы бөлмеде өндірістік кеңестер, сабақтар өткізіледі, кітапхана және оқу компьютері орналастырылады.

ЖДТ құжаттары:

- 1. Карта больного дневного стационара поликлиники, стационара на дому (ф. 003-2 / о).**
- 2. Науқастың медициналық амбулаторлық картасы (ф. 025 / у).**
- 3. Жалпы тәжірибелік отбасылық медицина мекемесінде амбулаторлық науқастың талоны(ф. 025-6-1 / о).**
- 4. Отбасылық дәрігердің отбасылық журналы(ф. 025-8-1 / о).**
- 5. Диагностикалық кабинеттерге,зертханаға және талдаулардың нәтижесімен кеңесу үшін жіберу (ф. 028-1 / у).**
- 6. Диспансерлік бақылау картасын басқару(ф. 030 / у).**
- 7. Дәрігерді үйге шақыру кітабы (ф. 031 / у).**
- 8. Үйде босану парағы (ф. 032 / у).**
- 9. Мүгедектік кітапшасы (ф. 036 / у).**
- 10. Емханаға, диспансерге, үйіне кеңес беру тізімі (ф. 039 / у).**
- 11. Жұқпалы аурулар туралы жедел хабардар ету,егуге ерекше реакция (ф. 058 / у).**
- 12. Жұқпалы аурулар туралы журнал(ф. 060 / у).**
- 13. Профилактикалық егулер картасы (ф. 064 / у).**

14. Амбулаторлық жазба кітапшасы (ф. 069 / о).
15. Жолдамалар алуға арналған справкалар (ф. 070 / у).
16. Курорттық карта (ф. 072 / у).
17. жасөспірімдер мен балаларға арналған курорттық карталар(ф. 076 / у).
18. Балалар санаторийлеріне жолдамалар (ф. 077 / у).
19. Медициналық лагерьге баратын оқушының медициналық анықтамасы(ф. 079 / у).
20. МЕСС-ке жіберу (ф. 088 / у).
21. Қызметкерді міндетті түрде алдын ала медициналық тексеруден өтуге жіберу (ф. 093 / у).
22. Сақтандыру ұйымына уақытша жарамсыздық туралы анықтама (ф. 094-И / о).
23. Қайтыс болғаны туралы медициналық анықтама (ф. 106 / о 95).
24. Жүкті әйелдің және босанушының жеке картасы(ф. 111 / у).
25. Балалардың даму тарихы (ф. 112 / у).



**Көңіл аударып тыңдағандарыңызға
рахмет!!!**